

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 677 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 909 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 қарашадағы N 827 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.11.2021 № 827 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 677 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 24, 319-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесінде:

"Жалпы ережелер" деген 1-бөлімде:

2-тармақта:

үшінші, бесінші және сегізінші абзацтар алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республиканың немесе өңірдің стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналып белгіленген басымдықтарын ескере отырып, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын";

5-тармақта:

төртінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзацтағы "орта мерзімді" деген сөздер "стратегиялық және орта мерзімді" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өткен қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау, оның негізгі бағыттарын жыл сайын түзете отырып, бағдарламаларды бағалау, бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды бағалау негізінде әзірленеді";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Орта мерзімді фискалдық саясатқа, егер бюджетті әзірлеу немесе нақтылау кезінде оның негізгі бағыттары түзетілген жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.";

"Орта мерзімді фискалдық саясаттың құрылымы" деген 2-бөлімде:

8-тармақта:

"мынадай" деген сөзден кейін "негізгі" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "шығын" деген сөз "шығыстар" деген сөзбен ауыстырылсын

;

б) тармақша алынып тасталсын;

11-тармақта:

"бюджет кірістерін" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын" деген сөздермен толықтырылсын;

"бюджетке түсетін" деген сөздер алынып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Шығыстар саясаты бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстары бөлігінде бюджет саясатының мақсаттары мен міндеттерін, мемлекет функцияларының орындалуын және республикадағы немесе экономиканың салалары (секторлары) бойынша мемлекеттік саясаттың іске асырылуын көрсететін үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың басым бағыттарын, мемлекеттің қаржы активтерін сатып алу және сату бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы орган саясатының бағыттарын қамтуы тиіс.";

14-тармақ алынып тасталсын:

17-тармақтың бірінші және екінші абзацтарындағы "бюджеттің құрылымы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

"Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу және бекіту" деген 3-бөлімде:

21-тармақта:

"ақпанына" деген сөз "мамырына" деген сөзбен ауыстырылсын;

", кейіннен оларды мемлекеттік органдарға жіберуін" деген сөздер алынып тасталсын;

22-тармақтың 1) тармақшасындағы "орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеудің үйлестіру жоспарына сәйкес" деген сөздер "орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бөлімдері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

24-тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы "мамырына" және "маусымына" деген сөздер тиісінше "тамызына" және "қыркүйегіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақта:

2) тармақшадағы "маусымына" деген сөз "қыркүйегіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "шілдесіне" деген сөз "қазанына" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК